

2

Еңбегіміз – тәуелсіз елімізге



4

«Домбыра – дастан»



Сыр бойы

29 қазан, сейсенбі 2024 жыл

№166 (20840)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады



www.facebook.com/syrboyi.kz/
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

МОҢҒОЛИЯҒА МЕМЛЕКЕТТІК САПАР



Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Ухнаагийн Хурэлсухтың шақыруымен Моңғолияға мемлекеттік сапармен барғаны туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Ұлан-Батыр әуежайында еліміздің делегациясын Моңғолияның Сыртқы істер министрі Батмунхийн Батцэцэг қарсы алды.

Сапар аясында жоғары деңгейдегі келіссөздер, сондай-ақ бірқатар маңызды құжатқа қол қою жоспарланған.

Мемлекет басшысы Президент Ухнаагийн Хурэлсухпен келіссөз жүргізеді. Сондай-ақ Моңғолияның Ұлы Мемлекеттік Хуралының Төрағасы Дашзэвгийн Амарбаясгаланмен және Премьер-министр Лувсаннамсрайн Оюун-Эрдэнэмен кездеседі. Мыңдаған жылдарға созылған тарихи байланысы бар екі халықтың қазір түрлі саладағы қарым-қатынасы жақсы деңгейде. Екі ел басшысының кезекті кездесуінде саяси және экономикалық байланыстарды нығайту жайы талқыланып, бірқатар келіссөз өтуі мүмкін екені хабарланды.

/// МӘМІЛЕ

ҮШЖАҚТЫ МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

Кеше Қызылордада «Оңтүстік Торғай, Шу Сарысу бассейндері көмірсутектерінің ресурстық базасын дамыту және кен орындарының мұнай деңгейін арттыру перспективасы» тақырыбында ІІ Қазақстан CNPC техникалық семинары басталды.

Жиынға «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы А.Хасенов, Энергетика вице-министрі Қ.Арымбек, қытайлық «CNPC» компаниясының вице-президенті Чжан Даовэй қатысты.

2-бет



МЕМЛЕКЕТТІК ТУ КӨТЕРУ РӘСІМІ



Қызылордадағы Мемлекеттік Рәміздер аллеясында ұлттық мереке – Республика күніне орай облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Мемлекеттік ту көтеру рәсімі өтті. Елдік рух пен ұлттық ұстанымды бекіте түсетін рәсімге құқық қорғау органдары, басқарма, департамент басшылары, облыстық мәслихат депутаттары, зиялы қауым өкілдері мен күштік құрылымдар мамандары қатысты.

Мемлекеттік ту көтеру сәтінде Қазанған атындағы Қызылорда жоғары музыкалық колледжіннің хор ұжымы Гимн орындады. Ұлттық мереке күні бірлігіміздің символы – көк байрағымызды көтеруге арналған патриоттық акция еліміздің барлық аймағында өткізілді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕ КҮНІ 48 СӘБИ ДҮНИЕГЕ КЕЛДІ

Ұлттық мереке – Республика күнінде облыста 1 тәулікте 48 нәресте дүниеге келді. Олардың 28-і – ұл, 20-сы – қыз бала.

/// ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ

«ӘЛЕМ ТАНЫҒАН ӘБДІЖӘМІЛ»

Әлемге әйгілі жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің 100 жылдығына орай Алматы қаласында халықаралық деңгейде бірқатар іс-шара ұйымдастырылды. Соның бірі – Қазақ ПЕН клубының мұрындық болуымен өткен ғылыми-танымдық конференция.



Конференцияда шетелдік және отандық ғалымдардың баяндамалары оқылып, жазушының қаламгерлік қыры кенінен ашылды. Ұлт қайраткерінің есімін ұлықтауға арналған іс-шараға Сыр өңірінен арнайы делегация қатысты.

Онда сөз алған облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың құттықтауын оқыды.

Облыс әкімдігінің қолдауымен жарыққа шыққан «Біздің Әбе» естелік кітабының тұсаукесері өткізіліп, қатысушыларға таратылды.

100 жылдыкқа арналған іс-шаралар ертеңіне тағы жалғасты. Әбдіжәміл Нұрпейісовтің тұрған үйіне ілінген ескерткіш тақтаның ашылуы, Қазақстан Жазушылар одағының ұйымдастыруымен «Әлем таныған Әбдіжәміл» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Конференцияға Франция, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Әзербайжан, Литва және т.б. шетелдік жазушылар мен еліміздің зиялы қауым өкілдері, мемлекет және қоғам қайраткерлері қатысты.

Жиынды Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы М.Күлменов жүргізді. Алғашқы сөз алған Мәдениет және ақпарат министрі А.Балаева Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының Құттықтау хатын оқып, жазушының ұлықтауға арналған конференция жұмысына табыс тіледі.

2-бет

/// ӨРКЕН

«ҚЫЗЫЛӨЗЕКТЕ» ҚЫЗУ ТІРШІЛІК

Бұл жолы қала іргесіндегі «Қызылөзек» ауылына бардық. Жаңа жолмен жүйтікпен көлік әп-сәтте ауылға әкелді. Тіршілігі ұйыған ауылдың көрінісі әдемі. Мектептен қайтқан балалар, жүк көлігіне сондай ептілікпен басылған шөп, есік алдында шүйіркелесе әңгіме айтқан қарт кісілер, көше бойында асыр салып ойнаған балалар – бәрі-бәрі ауылдың ажарын аша түскендей. Бала күнімізде ауыл көрінісі басқаша еді. Ескі үйлер, шаны бүрқыраған көше, жалғыз жұмыс көзі мектеп не теміржол болатын.

Қазір ше? Ауыл тірлігі жанданған. Жыл өткен сайын мемлекет тарапынан қолдау көп. Ауыл әлеуетін көтеруге барынша жағдай жасалуда. Сапалар, тегіс асфальт жол салынып, жарықтандырылған. Мектеп, балабақша, дәрігерлік амбулатория, мәдениет үйі, спорт кешені, балалар ойын алаңқайы сынды әлеуметтік нысандар да заман талабына сай бой көтеруде. «Көгілдір отынның» игілігін көріп отырған елді мекен саны артуда. Міне, осындай ауылдардың қатарында «Қызылөзек» бар.

3-бет



Суреттерді түсірген Н.Нұржанов

/// БӘРЕКЕЛДІ!

РИЗАБЕК – ӘЛЕМНІҢ ҮШ ДҮРКІН ЧЕМПИОНЫ



Еркін күрестен Ризабек Айтмухан 3 түрлі жас санатында Әлем чемпионатында алтын алған тұңғыш қазақ балуаны атанды. Бозкілемдегі белдесуде қарсылас шақ келтірмей жүрген санлақ бұл жолы 23 жасқа дейінгі жастар арасындағы Әлем чемпионатында жеңіс тұғырынан көрінді.

Дүниежүзілік долада 97 келі салмақта сынға түскен ол финалда ирандық Махди Морафадан 11:6 есебімен басым түсті. Қарсыласы да осал емес болатын. 2021 жылы жасөспірімдер арасындағы Әлем чемпионатында күміс жүлделер атанған Махди Албания жерінде алтын алуға күш салған еді. Ақтық сынға дейін сүрінбей жеткен ол шешуші сәтте Ризабекке қарсы тұра алған жоқ. Қазақтың күрес өнерінде есімі жарқырай көрінген жампоз аталған қарсыласын 11:6 есебімен қапы қалдырып кетті.

Қазақстандық балуан Әлем чемпионатында финалға дейін Каллум Уильям Нок (Канада), Владислав Козлов (Бейтарап атлет), Шамиль-Имам Гаджалиевтен (Ресей) басым түскен еді.

Ол былтыр Белград (Сербия) қаласында өткен ересектер арасында (92 келі), ал биыл Понтеведра (Испания) қаласында 20 жасқа дейінгі палуандар арасында Әлем чемпионы (97 келі) атанған.

Айта кетсек, Ризабек 2024 жылғы Париж Олимпиадасы бағдарламасында 92 келі салмақтың болмауына байланысты бара алған жоқ. Сондықтан ол 97 келі салмақта ауысып, қазірдің өзінде екі мәрте Әлем чемпионы атанып үлгерді.

«СБ» ақпарат

Валюта бағамы

\$ 485,11 kzt

€ 523,82 kzt

₸ 5,02 kzt

Ауа райы

+6° +8°



+8° +10°

ҮШЖАҚТЫ МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

Басқосуда облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев семинарға қатысушыларға сәттілік тілеп, Сыр өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы мұнай компанияларының үлесін атап өтті. Бүгінде игерілген кен орындарының көпшілігі өндірістің соңғы сатысына шыққан. Қолданыстағы мұнай кеніштерінің табиғи сар-

ісінде мұнай-газ саласының үлесі шамамен 50%-ды құрайды. Өңдеу саласындағы өсу қарқыны бойынша облыс 2022 жылы республикада 11-орында болса, биылдан бастап бірінші орында. Экономика салаларында, әсіресе инвестиция тарту, құрылыс салу, сауда айналымы, көлік қызметі, ауыл



кылуына байланысты 2013 жылдан бері мұнай өндіру көлемі шамамен 65%-ға қысқарды. Сондықтан, өңдеу өнеркәсібін дамыту арқылы өңір экономикасын әртараптандыру жұмыстары қолға алынды. Осылайша мұнай қорының сарқылуы

шаруашылығында жүргізілген жүйелі жұмыстардың арқасында бүгінде облыс экономикалық даму қарқыны бойынша өңірлер арасында көшбасшы позициясында. Мұнай компаниялары аймақтағы біркөп әлеуметтік мәселелер мен жобаларды шешуге қолдау



салдарынан соңғы 10 жыл бойы төмендеу тенденциясын көрсетіп келген өнеркәсіп өндірісі өткен жылдың қыркүйек айынан бастап он динамикаға шықты. Саланың дамуы отандық мұнай-сервистік компаниялардың дамуына жол ашты. Аймақта қалыптасқан мұнай-сервистік белдеу қаншама отбасының осы саладан табыс табуына мүмкіндік беруде.

Бүгінде мұнда 10 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылған. Жалпы алғанда, облыстың өнеркәсіп өнді-

көрсетуде. Соңғы 10 жылда өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына 17 млрд теңгеге жуық қаржы бөліді. Кездесу соңында облыс әкімдігі, ҚР Энергетика министрілігі, «Қазмұнайгаз» ұлттық компаниясы сұйытылған мұнай газын өңдеу қондырғысының жылдық қуаттылығын 2025 жылдан бастап алдағы 10 жыл ішінде 120 мың тоннаға дейін арттыруға бағытталған үшжақты меморандумға қол қойды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі



Суреттер: Мейрамгүл Дауылбайқызы

«МЕРЕЙ» ТҮРҒЫН ҮЙ КЕШЕНІНЕ БАРДЫ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ұлттық мереке – Республика күні қарсаңында қала орталығындағы жаңадан бой көтерген «Мерей» көпқабатты тұрғын үй кешенінің құрылыс жұмыстарымен танысты.

Аумағы 11 113 шаршы метрлік тұрғын үй 7 қабатты, 82 пәтері бар. Кешендегі негізгі жұмыстар аяқталған, аумағы абаттандырылып, сыртқы және ішкі әрлеу жұмыстары жүргізілуде. Айтпа кетейік, биыл мемлекеттік қолдау мен ұлттық жобалар аясында қаржыландырудың барлық көзінен өңірде 863 900 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Мемлекеттік бюджеттен бөлінген 37 млрд 100 млн теңгеге 3 мыңға жуық пәтер табысталып, 13 мың тұрғын қоныстой тойлайды. 2022-2023 жылдары 4 мыңға жуық пәтер беріліп, 17 мың тұрғынның баспана мәселесі шешілген болатын.



«ӘЛЕМ ТАНЫҒАН ӘБДІЖӘМІЛ»

Алматы қаласы әкімінің орынбасары А.Қалдыбеков, Халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымының бас хатшысы С.Раев, Халық жазушысы С.Елубай, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Н.Оразалин, Халық артисі А.Әшімов, мемлекет және қоғам қайраткері Қ.Көшербаев, Қырғыз Республикасының ақыны М.Азаматов, жазушының қызы Ш.Нүрпейісова классик қаламгердің сан түрлі тұлғалық қырларына тоқталып, шығармашылығы туралы сөз етті.

Конференцияда облыс әкімінің орынбасары Ш.Байманов аймақ басшысы Н.Нәлібаевтың құттықтауын оқып, ұйымдастырушылар мен қатысушыларға сәттілік тіледі. Конференциядан кейін абыз ақ-



сақалдың рухына арналып ас берілді. Айтпа кетейік, жазушының туған жері – Сыр өңірінде есімін ұлықтауға арналған іс-шаралар жыл бойы жалғасады. Бұған дейін барлық орта мек-

тептер мен арнаулы оқу орындарында апталықтар, кітапханалар мен музейлерде көрмелер, шығармашылық кештер өткізілді. Бұқаралық ақпарат құралдарында тақырыптық айдарлар ашылған.

Туған жері Арал ауданында «Қалам ұшындағы ғалам» атты халықаралық суретшілер симпозиумы өтіп, «Беларан төбе» шыңында рухына ас берілді.

Халық жазушысының өмір жолы мен шығармашылығына арнап Алматы қаласындағы Ұлттық кітапханада «Кітап және қаламгер» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырылды.

Қазақ ПЕН клубымен бірге Әбен туралы естелік жинақтар кітабы шығарылды.

Қараша айының басында Қызылорда қаласы мен Арал ауданында «Әлем танған Әбе» атты кешенді іс-шаралар өткізу жоспарланған.

«СБ» ақпарат

БРИФИНГ

ЕҢБЕГІМІЗ – ТӘУЕЛСІЗ ЕЛІМІЗГЕ



Республика күні қарсаңында Президент Жарлығымен еліміздің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына, халықтар арасындағы достық пен ынтымақты нығайтуға қосқан елеулі үлесі мен белсенді қоғамдық қызметі үшін бір топ азамат мемлекеттік наградалармен марапатталды. Олардың қатарында еңбек ардагері, «Парасат» орденінің иегері Нәжмадин Мұсабаев, облыстық мәслихат депутаты, «Құрмет» орденінің иегері Жорабек Нұрымбетов, Ақпарат саласының үздігі, сарапшы журналист «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Айтқұл Шалғынбаева бар.

Марапат төрінен көрінген жерлестеріміз өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте өз әсерлерін бөлісті.

– Біздің замандастарымызға тәуелсіздікті көру бақыты бұйырды. Бұл кезең еліміздің нарық экономикасына көшу мерзіміне сәйкес келді. Токсаныншы жылдардың басында нарық қатынастарына көшу басталғанда Қазақстанның экономикасы нағыз тұралап тұрған кез еді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Жаңақорған ауданында бес жыл

аудан әкімі болып қызмет атқардым. Сол уақыттарда тәуелсіздіктің 10 жылдығына орай «Ерен еңбегі үшін» медалін алсам, 15 жылдығында «Құрмет» орденін иемдендім. Енді, міне, Республика күні қарсаңында «Парасат» орденін еншіледім. Бұл – мақтаныш емес, еңбектің еленгені. Мені қуантқан жайт – биыл 7 азаматқа «Парасат», 15 азаматқа «Құрмет» ордені, 22 азаматқа «Ерен еңбегі үшін», 2 азаматқа «Шапағат» медалі мен «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы

берілді. Осының ішінде «Парасат» орденінің 3-і еңбек ардагерлеріне бұйырды. Бұл ардагерлердің ұрпаққа жасаған еңбегінің қайтарымсыз деп білемін, – деді Нәжмадин Мұсабаев.

Мұнан кейін сөз алған сарапшы журналист Айтқұл Шалғынбаева да тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы еліміздің өңірдің әлауқаты, еңбек адамдарына ерекше көңіл бөлініп, еленуін сөз етті.

– Расымен, Нәжмадин Түрікбенұлы айтқандай, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарының қиыншылығы

есте қалды. Нағыз тоқырау заманының орын алған тұсы еді. Біздің облысымыз үшін де ол жылдар онайға түспеді. Бірақ соны еңбек адамдарының арқасында жеңе білдік. Бүгінде қай саланы алып қарасаңыз да даму бар. Осындай өңірдің даму жолында еңбек етіп, өсуіне үлес қосқан жандарға құрмет көрсетілуі бізді қуантады, – деді ол.

Ал Президент қолынан награда алған Жорабек Нұрымбетов мұндай құрметке ие болу халықтың бірлігінің, сушылардың адал еңбегінің арқасы деп біледі.

– Мемлекет басшысының қолынан марапат алдым. Бұл – мен үшін үлкен қуаныш. Менің ғана емес, бүкіл Сыр өңірі сушыларының адал еңбегіне берілген баға. Президент өзінің Жолдауында марапаттарды қарапайым жұмысшыларға, сушыларға, геологтар мен кеншілерге береміз деп айтқан болатын. Менің марапатым – осының көрінісі. Әрдайым адал еңбек етіп, қандай істе болмасын ауызбірлік пен татулық танытатын болсақ, біздің өңірден әлі талай Еңбек ері, қоғам қайраткерлері мен «Құрмет» орденінің иегерлері шығағаны сөзсіз, – деді Жорабек Ибрагимұлы.

Мейрамгүл Дауылбайқызы, «Сыр бойы»

«АЛТЫН КҮЗ» СПАРТАКИАДАСЫ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

Сырдария ауданында «Алтын күз» ауыл спортшыларының 37-облыстық спартакиадасы мәресіне жетті. Спорттың 16 түрін қамтыған байрақты бәсекеде барлық аудандардың құрама командасы қатысып, дүбірлі додада өзара бақ сынасты.

Жарысқа қатысушылар теңге алу, асық ату, гандбол, футбол, волейбол, баскетбол, көкпар, Президенттік көпсайыс, тоғызқұмалақ, аударыспақ, қазақ күресі, үстел теннисі, кермеге тартылу, қол күресі, гир көтеру және шахмат секілді спорт түрлерінен сайысқа түсті.

Спартакиадада Шиелі ауданының командасы баскетбол (ерлер және әйелдер), көкпар, үстел теннисі, турникке тартылудан

бірінші орын, шағын футбол, шахмат, теңге ілуден екінші орын алды. Ал волейболдан ерлер арасында үздік үштіктен көрінді.

Жаңақорғандық спортшылар волейбол (әйелдер), шахмат, гандбол, аударыспақтан жеңіс тұғырынан көрінсе, баскетбол (әйелдер), көкпардан екінші, баскетбол (ерлер), гир көтеру, қол күресінен үшінші орын алды.

Сырдария командасы волейбол (ерлер), асық ату, тоғызқұмалақ (ерлер) жеңімпаз



болса, тоғызқұмалақтан (әйелдер), қол күресі, көпсайыс, аударыспақтан екінші, волейбол (әйелдер) үшінші орынға тұрақтады.

Жалпыкомандалық есепте Шиелі ауданы үздік атанса, одан кейінгі орындарды Жаңақорған және Сырдария аудандары өзара бөлісті.

Айтпа кетейік, «Алтын күз-2025» ауыл спортшыларының облыстық спартакиадасы Жалағаш ауданында өтеді.

«СБ» ақпарат



ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ҰСТАЗЫ

«Педагог мәртебесі туралы» Заңға сәйкес елімізде 2021 жылдан «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» атағы енгізілді. Бұл мәртебелі атақ мұғалімдерге білім беру ісіндегі үздік жетістіктері мен мемлекет алдындағы ерекше еңбегі үшін беріледі. Быыл мұғалімдер мерекесі қарсаңында Қызылорда қаласындағы дарынды балаларға арналған №10 облыстық «Білім-инновация лицейінің» қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Нағиша Есбосын осы жоғары атақты иеленді.

Президенттің қолынан мемлекеттік деңгейдегі құрметті атақ алу ұзақ жылғы ұстаздық жолындағы ерекше сәт болды. Көңілін толқыныс тербеп, қоғамдағы өз міндетіне деген терең жауапкершілікті, ізет пен құрметті сезінді. Айта кетейік, ол осыған дейін ұстаздар үшін дәрежесі биік марапат – Б.Алтынсарин белгісін және «Қызылорда облысының білім беру саласын дамытудағы еңбегі үшін» төсбелгісін кеудесіне таққан.

Адам өмірінде төбеленен нұр төгіліп тұратын сәулелі сәттер болады ғой. Міне, менің бойымда дәл осы күй біледі. Бұл – адал еңбектің жемісі бағаланатынының дәлелі. Шындағанда, «Педагог мәртебесі» туралы заң қабылданғаннан кейін мұғалімдерге деген құрмет еселеніп, олардың ал-ауқатын жақсартуға қолдау артып келеді. Мен оны қуана құптамын.

Бұл марапатқа елге қалтқысыз қызмет етіп жүрген мамандығына адал барша әріптестерім лайықты деп ойлаймын. Жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру отырып, шәкірттеріміз өмірден өз жолын табуына зор жауапкершілік танытып, жемісті еңбек етіп жүрген әрбір ұстаз осылай құрметке бөленсе екен, – дейді марапат иесі.

Нағиша Есбосын аймақтық білім беру саласында 40 жылға жуық қызмет етіп келеді. Білікті педагог осы уақыт аралығында өзінің оқыту әдісін шығармашылықпен ұштастыра отырып, оқушыларының білім сапасын көтеруге, жеке кабинеттерін дамытуға ерекше мән берді. Үздіксіз ізденіске, шынайы шығармашылыққа толы еңбегі лайықты нәтижесін беріп, шәкірттері облыстық, республикалық пән олимпиадаларында, ғылыми жобалар байқауында, түрлі мұшайралар мен сайыстарда жеңімпаз атанды. Соның дәлелі, кейінгі бес жылдағы сайыстардан шәкірттері 70-тен аса жетістік иеленген. Оның 10-ы – республикалық, 67-сі – облыстық деңгейдегі жүлделі орындар. Сондай-ақ үш жыл көлемінде дайындаған оқушылары республикалық пәндік олимпиадада 2 «Алтын медаль», 1 «Күміс медаль» жүлдегері атанып, ұстаз еңбегі ақталып абыройға бөленді.

Жылдар өте келе жоғары санатты ұстаз Нағиша Қожақызының тәжірибелі республикалық көлемінде тартылды. Оның ішінде «Қыздармен сырласу сабағы» және «Оқушының жаңа әдіс-тәсілдері қоржынынан» жинақтары бүгінде орта білім беру ұйымдарында факультативтік сабақ ретінде өткізіліп жүр. Әдістемелік желілер арқылы іс-әрекетті, сабақты зерттеу бағытында облыс көлемінде бірнеше мектептермен байланыса отырып, нәтижелі жұмыс атқарып келеді.

Еңбек жолында Нағиша Қожақызының жинақтары, әдістемелік құралдары жарыққа шыққан. Мұғалімдерге арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша қысқа

мерзімді жоспарлар» көмекші құралының авторы. Сонымен қатар, «Емтихан тапсырмаларының жинағы» және «Емтиханға дайындық материалдарының жинағы» көмекші құралдарының авторлар құрамының, «Жанартылған білім беру мазмұнындағы оқулықтарын таныстыру, талқылау» комиссиясы, 9-сыныптың білім алушыларына арналған қорытынды аттестаттау материалдарын әзірлеу жұмысы тобының тұрақты мүшесі.

Ұстаздың өткізген шығармашылық сабақтары мен тәрбие жұмыстарының жоспары, мақалалары облыстық, республикалық мерзімді баспасөз беттерінде жарық көрген. Сондай-ақ облыстық, республикалық деңгейдегі семинарлар мен конференцияларда баяндама жасап, түрлі тақырыпта сабақтар өткізіп, тәжірибесін бөлісіп келеді.

Ашық диалог алаңындағы жарысөздерге де белсенді қатысып, бүгінгі білім беру ісіндегі өзекті мәселелерге қатысты өзіндік үн қосып, пікірін білдіріп отырады. Облыс көлеміндегі қоғамдық-саяси шараларға белсене араласады.

Өмірдеріне тоқталсақ, ол 1966 жылы 25 қаңтарда Қазалы ауданы Әйтеке би кентінде дүниеге келген. Әкесі тейіржол саласында ұзақ жыл еңбек еткен, ал анасы отбасында өмірге келген он екі баланы тәрбиелеп өсірген.

Нағиша Есбосын 1981-1985 жылдары Қызылорда қаласындағы М.Мәметова атындағы қыздар педагогикалық училищесінде оқып, үздік бітірген. 1986-1992 жылдары ал Фараби атындағы ҚазМУ-ның филология факультетінде оқыған. Еңбек жолын мектепте пионерлер ұйымының жетекшісі болып бастап, Қазалы аудандық комсомол комитетінің хатшысы, Қ.Сәтбаев атындағы №216 мектеп директорының бастауыш сыныптар жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарған. 1995-2011 жылдары аралығында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті жанындағы «Қабілет» бейімді білім беру лицейінде, 2011-2012 оқу жылында университет жанындағы қазақ-түрік лицейінде оқытушы болған. 2012 жылдың қыркүйегінен дарынды балаларға арналған №10 облыстық «Білім-инновация лицейінің» еңбек етіп келеді.

Осы уақыт аралығында ол ізденіміз ұстаз, тәрбие жұмыстарының үздік ұйымдастырушысы ретінде жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіп, әріптестері арасында зор абыройға ие болды. Шәкірттерінің де құрметі шексіз.

Тағы бір айта кетерлігі, Есбосын отбасында он екі бала болса, оның ішінде жеті мұғалім бар. Олардың барлығы да – қоғам алдындағы мәртебелі міндетін адал атқарып, құрметке бөленіп жүрген жандар.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

«Қызылөзек» ауылдық округіне «Қараөзек», «Айнакөл» және «Қараөзек» бекеті жатады. Мұндағы халық саны 3487 адамды құрайды. Ауыл әкімі Сәкен Әбдіжаппар елді мекеннің тыныс-тіршілігімен таныстырып, атқарылып жатқан істерді тарқатып айтып берді.

Бір қызығарлығы ауыл таптаза. Қоқысты көзіміз шалмады. Қалаға қатынау қиын емес. Үш мезгіл 29 нөмірлі жаңа автобус қатынайды. Бағасы қалтаға қонымды, 250 теңге.

Инфрақұрылымды дамыту бағытындағы жұмыстар қарқынды. Осыған дейін ауылдық округ тұрғындарының ең өзекті мәселесінің бірі ауылдық округке қарасты 3 елді мекеннің электр желілерін қайта жаңғырту болатын. Себебі, электр желілері 1960 жылы жүргізілген, қосалқы стансалары 1970 жылдары салынған. Бүгінде олардың тозығы жеткен. Осыған сәйкес тиісті жұмыстар жүргізіліп, қолдау тапты. «Ауылдық округке қарасты 3 елді мекендегі электр желілерін қайта жаңғырту» жобасы дайындалды. Әзірленген жоба-сметалық құжаттар бойынша жобаның құны 1 млрд 655 млн теңгені құрады. Нәтижесінде жұмысты бастауға 85, 216 млн қаржы бөлініп, жаңадан 1 КТПН орнатылып, 3 шақырым ВЛ-10 кв заманауи электр желісі жүргізілді. Бұл жұмыспен мердігер «Ақнұр-Авто» ЖШС мекемесі айналысуда. Келер жылы электр желілерін қайта жаңғырту жұмысын толығымен аяқтайды.



Ерекшелігі ауыл ішіндегі көшелер тегіс әрі толық жарықтандырылған. Шеткі көшелерге де қиыршық тас төселіп, ретке келтірілген. Шешімін тапқан маңызды мәселенің бірі – осы жол. Тозығы жеткен көшелер толықтай қайта жаңғыртылды. Облыс, қала басшылығының қолдауымен 250 млн теңге қаржы қаралып, 10 шақырым болатын 6 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізілсе, 2 көшеге жауу жүргізушілер жолы салынды. Быыл 452 млн теңгеге 3,2 шақырым болатын 3 көшеге жол құрылысы жүргізілуде. Ауыл көшелерін жарықтандыру мақсатында бюджеттен 4 млн теңге қаражат қаралып, тиісті жұмыстар атқарылуда. Жалпы, барлығы 21 көшенің 8-і асфальт, 11 көшенің малтатас төселген болса, 17 көше жарықтандырылған. Бұл – жоғары көрсеткіш.

Ауылда шешімін тапқан мәселе көп. Өздеріңіз байқағандай мұндағы жұмыс ауқымды. Енді екі мәселе бар. Соның бірі – «Қараөзек» ауылына кіреберістегі «Қожақ» автомобиль көпірі. Былтыр бюджеттен бөлінген 5,212 млн теңгеге көпірді күрделі жөндеу жұмысына жоба-сметалық құжаттары әзірленді. Жоба мемлекеттік сараптамадан өтуде. Сараптама қорытындысымен күрделі жөндеу жұмыстарына қажетті қаражат көлемі анықталған соң, қаржыландыру жөнінде республикалық бюджетке ұсыныс берілді.

Елді мекендерді табиғи газбен қамтамасыз ету мәселесі де өзекті болып отыр. Осы бағытта тиісті зерттеу, зерделеу жұмыстарын жүргізіп, есепте-мелерін әзірлеп, облыстық бюджеттен газландыру жұмысының жоба-сметалық құжаттары дайындалды. Сараптама қорытындысына алуға қаражат көлемі жөнінде ұсыныс берілді. Ұсыныс қолдау тауып, қалалық құрылыс бөлімі арқылы жоба әзірлеуші мердігер мекемені анықтау мақсатында мемлекеттік сатып алу конкурсы өткізілді. Нәтижесінде «Дос Строй Проект» ЖШС мекемесі мердігер ретінде танылып, жобалау жұмыстары жүргізілуде, – делі ауыл әкімі Сәкен Нысанұлы.

Демек, жуық уақытта ауыл «көгілдір отынға» қосылады. Бұл – тұрғындар үшін қуанышты жаңалық. Көмір жағып, отын жарып, құл шығарудан босайды.

1-бет.

Ауылда аяқсудан мәселе жоқ. Шешімін тапқан. Бау-бақшасы жайқалып, мол өнім алуда. «Қараөзек» ауылына аяқсу жеткізу мақсатында «ДСУ» учаскесіне электр желісі тартылып, ауыл әкімі аппаратының меншігіндегі жана СНПЭ-500/10 электр-насосық қондырғысы арқылы

зеге асыру арқылы шағын және орта кәсіпті дамытуға қолдау бар. Осы ретте инвестор тарту бойынша кәсіпкерлермен келіссөздер жасалып, нәтижесінде «Ақ-Барс Орда» ЖШС мал бордақылау алаңын салуды жоспарлауда. Бордақылау алаңының орны дайындалып, электр желі-

«ҚЫЗЫЛӨЗЕКТЕ» ҚЫЗУ ТІРШІЛІК

сі жүргізді. Енді құрылыс жұмыстары басталмақ.

«Орталық» канал бойында орналасқан «Қараөзек» ауылының көшелеріне аяқсу тартып отырған 2 электр насосы тозған болатын. Осыған байланысты қуаты 18,5 кВт болатын 2 насостық қондырғы сатып алу жоспарланып, конкурс өткізілуде. Қондырғыны сатып алуға қаражат бөлінген. Енді қалған жұмыс кезегімен атқарылмақ.

Ауылда кәсіпкерлік саласында қарқын бар. Мемлекеттік бағдарламалардың игілігін көріп, қолдауын сезінгендер жетерлік. Ірі кара мен жылқы шаруашылығын кәсіп еткендер басым. Мұнда, көбіне картоп егіледі. Бау-бақша дақылдары да өнімді. Күзгі тіршілік қайнап жатыр.



Ауыл бойынша 184 кәсіпкерлік нысан жұмыс істейді. Оның ішінде 30 қожалық, 1 ЖШС, 4 АӨК және 149 жеке кәсіпкер. Жыл басынан бері 11 кәсіпкерлік нысан тіркелген. Жыл сайын кәсіпке ынталы азаматтар саны артауда. 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде атқарылған жұмыстардың нәтижесі жемісті. «Микро-бизнес-Қызылорда» несиесі ұйымы, «Іскер» бағдарламасы, «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» арқылы ауыл кәсіпкерлері жеңілдетілген несиесіне қол жеткізіп, жобалары қолдау тапты. Мұнда қайтарымсыз грант иеленіп, игілігін көргендер де бар. Кәсіпке бет бұрамын деген ауыл тұрғындарына мол мүмкіндік қарастырылған. Ал «Ауыл аманаты» жобасы аясында ауыл тұрғыны Нағашыбек Ағыбаев 5 млн теңге несиесі алып, «Балауса» нан өнімін шығаратын цех ашты. Онда нан түрлері, тоқаштар, кондитерлік өнімдер дайындалады. Кәсіпкер ауылдан бөлек, мектеп, жақын елді мекендерде өз өніммен қамтып отыр. Цехта күнне үш мезгіл нан пісіріледі. Ыстықтай шыққан нан сөреге жетпей таусылады. Сонымен қатар жанын-тойларға да тапсырыс қабылдайды екен. Ауыл тұрғындары да жұмыспен қамтып отыр.

Биыл 48 млн теңгеге бағаланған 5 жоба ұсынылып, 2 жоба қаржыландырылды. Оның ішінде 7 млн теңгеге пенобетон өндірісі қолға алына, 29 млн теңгеге асылтұқымды мал шаруашылығын дамыту көзделген. Жыл соңына дейін қалған 3 жоба да қолдау тауып, іске қосылмақ. Ауыл әкімінің айтуынша, кәсіпті бастаушыларға барынша көмек көрсетіліп келеді. Мемлекет тарапынан кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған бағдарламаларды жү-

зеге асыру арқылы шағын және орта кәсіпті дамытуға қолдау бар. Осы ретте инвестор тарту бойынша кәсіпкерлермен келіссөздер жасалып, нәтижесінде «Ақ-Барс Орда» ЖШС мал бордақылау алаңын салуды жоспарлауда. Бордақылау алаңының орны дайындалып, электр желі-

шеберлер үйірмесі бар. Оның ішінде «Гүлдер-айым» әжелер және «Орда КЗ» вокалды-инструменталды ансамблі түрлі байқауларға қатысып, жетістікке жетуде. Ауыл кітапханасы да осында орналасқан.

– Жарты ғасырлық тарихы бар мәдениет үйі өз жұмысын

жоғары деңгейде атқарып келеді. Ауыл жастары белсенді. Өн, би, көркемөз оқу, домбыра, көңілді тапқырлар алаңы сынды үйірмелерге 100-ге тарта адам қамтылған. Көп жерде кездесе бермейтін дыбыс жазу студиясы ашылды. Онда кездан ашылғанына қуанып қалдық. Адам қарасы өкп. Сатушы Жазира Елтоқовамен тілдестік.

– Көріп тұрғандарыңыздай, сөздер азық-түлікке толы. Әлеуметтік дүкен болғаннан кейін бағасы едәуір қолжетімді. Алта сайын күнделікті тұтынаын тауар жеткізіледі. Халықтың сұранысы жоғары, тез өтіп кетеді, – дейді ол.

Ауылда жұмыссыздар сирек. Себебі, кәсіп бастап, өзін-өзі жұмыспен қамтып отыр. Қоғамдық жұмысқа тартылған жас-

тар ауылдың абадануына үлес қосуда. «Жастар тәжірибесімен» 2 азамат жұмыспен қамтылған. Ауылдағы жұмыссыздық деңгейі 1,7 пайызды құрайды. Мемлекет тарапынан 22 отбасы атаулы әлеуметтік көмек ала, жергілікті кәсіпкерлер аз қамтылған отбасыларына демеу болып келеді. Осы бағыттағы шаралар ұдайы жалғасын табууда.



Ауылдағы жұмыссыздық деңгейі 1,7 пайызды құрайды. Мемлекет тарапынан 22 отбасы атаулы әлеуметтік көмек ала, жергілікті кәсіпкерлер аз қамтылған отбасыларына демеу болып келеді. Осы бағыттағы шаралар ұдайы жалғасын табууда.

Ауылдағы жұмыссыздық деңгейі 1,7 пайызды құрайды. Мемлекет тарапынан 22 отбасы атаулы әлеуметтік көмек ала, жергілікті кәсіпкерлер аз қамтылған отбасыларына демеу болып келеді. Осы бағыттағы шаралар ұдайы жалғасын табууда.

Ауылдағы жұмыссыздық деңгейі 1,7 пайызды құрайды. Мемлекет тарапынан 22 отбасы атаулы әлеуметтік көмек ала, жергілікті кәсіпкерлер аз қамтылған отбасыларына демеу болып келеді. Осы бағыттағы шаралар ұдайы жалғасын табууда.

Ауылдағы жұмыссыздық деңгейі 1,7 пайызды құрайды. Мемлекет тарапынан 22 отбасы атаулы әлеуметтік көмек ала, жергілікті кәсіпкерлер аз қамтылған отбасыларына демеу болып келеді. Осы бағыттағы шаралар ұдайы жалғасын табууда.

Ауылдық клубта түрлі іс-шаралар тұрақты ұйымдастырылады. Мәдениет үйінің атқарып жатқан істері ауқымды. Талантты шәкірттерді тәрбиелеп, олардың шығармашылығын шыңдауына үлес қосуда. Ауылдың өнерлі өрендері талай республикалық, халықаралық додаларда топ жарып жүр.

Ауылдағы жұмыссыздық деңгейі 1,7 пайызды құрайды. Мемлекет тарапынан 22 отбасы атаулы әлеуметтік көмек ала, жергілікті кәсіпкерлер аз қамтылған отбасыларына демеу болып келеді. Осы бағыттағы шаралар ұдайы жалғасын табууда.

Ауылдағы жұмыссыздық деңгейі 1,7 пайызды құрайды. Мемлекет тарапынан 22 отбасы атаулы әлеуметтік көмек ала, жергілікті кәсіпкерлер аз қамтылған отбасыларына демеу болып келеді. Осы бағыттағы шаралар ұдайы жалғасын табууда.

Ауылдағы жұмыссыздық деңгейі 1,7 пайызды құрайды. Мемлекет тарапынан 22 отбасы атаулы әлеуметтік көмек ала, жергілікті кәсіпкерлер аз қамтылған отбасыларына демеу болып келеді. Осы бағыттағы шаралар ұдайы жалғасын табууда.

Ауылдағы жұмыссыздық деңгейі 1,7 пайызды құрайды. Мемлекет тарапынан 22 отбасы атаулы әлеуметтік көмек ала, жергілікті кәсіпкерлер аз қамтылған отбасыларына демеу болып келеді. Осы бағыттағы шаралар ұдайы жалғасын табууда.

Ауылдағы жұмыссыздық деңгейі 1,7 пайызды құрайды. Мемлекет тарапынан 22 отбасы атаулы әлеуметтік көмек ала, жергілікті кәсіпкерлер аз қамтылған отбасыларына демеу болып келеді. Осы бағыттағы шаралар ұдайы жалғасын табууда.

Ауылдағы жұмыссыздық деңгейі 1,7 пайызды құрайды. Мемлекет тарапынан 22 отбасы атаулы әлеуметтік көмек ала, жергілікті кәсіпкерлер аз қамтылған отбасыларына демеу болып келеді. Осы бағыттағы шаралар ұдайы жалғасын табууда.

Ауылдағы жұмыссыздық деңгейі 1,7 пайызды құрайды. Мемлекет тарапынан 22 отбасы атаулы әлеуметтік көмек ала, жергілікті кәсіпкерлер аз қамтылған отбасыларына демеу болып келеді. Осы бағыттағы шаралар ұдайы жалғасын табууда.



Ауылдағы жұмыссыздық деңгейі 1,7 пайызды құрайды. Мемлекет тарапынан 22 отбасы атаулы әлеуметтік көмек ала, жергілікті кәсіпкерлер аз қамтылған отбасыларына демеу болып келеді. Осы бағыттағы шаралар ұдайы жалғасын табууда.

Ауылдағы жұмыссыздық деңгейі 1,7 пайызды құрайды. Мемлекет тарапынан 22 отбасы атаулы әлеуметтік көмек ала, жергілікті кәсіпкерлер аз қамтылған отбасыларына демеу болып келеді. Осы бағыттағы шаралар ұдайы жалғасын табууда.

Ауылдағы жұмыссыздық деңгейі 1,7 пайызды құрайды. Мемлекет тарапынан 22 отбасы атаулы әлеуметтік көмек ала, жергілікті кәсіпкерлер аз қамтылған отбасыларына демеу болып келеді. Осы бағыттағы шаралар ұдайы жалғасын табууда.

Ауылдағы жұмыссыздық деңгейі 1,7 пайызды құрайды. Мемлекет тарапынан 22 отбасы атаулы әлеуметтік көмек ала, жергілікті кәсіпкерлер аз қамтылған отбасыларына демеу болып келеді. Осы бағыттағы шаралар ұдайы жалғасын табууда.

Ауылдағы жұмыссыздық деңгейі 1,7 пайызды құрайды. Мемлекет тарапынан 22 отбасы атаулы әлеуметтік көмек ала, жергілікті кәсіпкерлер аз қамтылған отбасыларына демеу болып келеді. Осы бағыттағы шаралар ұдайы жалғасын табууда.

Ауылдағы жұмыссыздық деңгейі 1,7 пайызды құрайды. Мемлекет тарапынан 22 отбасы атаулы әлеуметтік көмек ала, жергілікті кәсіпкерлер аз қамтылған отбасыларына демеу болып келеді. Осы бағыттағы шаралар ұдайы жалғасын табууда.

Ауылдағы жұмыссыздық деңгейі 1,7 пайызды құрайды. Мемлекет тарапынан 22 отбасы атаулы әлеуметтік көмек ала, жергілікті кәсіпкерлер аз қамтылған отбасыларына демеу болып келеді. Осы бағыттағы шаралар ұдайы жалғасын табууда.

Ауылдағы жұмыссыздық деңгейі 1,7 пайызды құрайды. Мемлекет тарапынан 22 отбасы атаулы әлеуметтік көмек ала, жергілікті кәсіпкерлер аз қамтылған отбасыларына демеу болып келеді. Осы бағыттағы шаралар ұдайы жалғасын табууда.

Ауылдағы жұмыссыздық деңгейі 1,7 пайызды құрайды. Мемлекет тарапынан 22 отбасы атаулы әлеуметтік көмек ала, жергілікті кәсіпкерлер аз қамтылған отбасыларына демеу болып келеді. Осы бағыттағы шаралар ұдайы жалғасын табууда.

Ауылдағы жұмыссыздық деңгейі 1,7 пайызды құрайды. Мемлекет тарапынан 22 отбасы атаулы әлеуметтік көмек ала, жергілікті кәсіпкерлер аз қамтылған отбасыларына демеу болып келеді. Осы бағыттағы шаралар ұдайы жалғасын табууда.

Ауылдағы жұмыссыздық деңгейі 1,7 пайызды құрайды. Мемлекет тарапынан 22 отбасы атаулы әлеуметтік көмек ала, жергілікті кәсіпкерлер аз қамтылған отбасыларына демеу болып келеді. Осы бағыттағы шаралар ұдайы жалғасын табууда.

Ауылдағы жұмыссыздық деңгейі 1,7 пайызды құрайды. Мемлекет тарапынан 22 отбасы атаулы әлеуметтік көмек ала, жергілікті кәсіпкерлер аз қамтылған отбасыларына демеу болып келеді. Осы бағыттағы шаралар ұдайы жалғасын табууда.



Ауылдағы жұмыссыздық деңгейі 1,7 пайызды құрайды. Мемлекет тарапынан 22 отбасы атаулы әлеуметтік көмек ала, жергілікті кәсіпкерлер аз қамтылған отбасыларына демеу болып келеді. Осы бағыттағы шаралар ұдайы жалғасын табууда.

Ауылдағы жұмыссыздық деңгейі 1,7 пайызды құрайды. Мемлекет тарапынан 22 отбасы атаулы әлеуметтік көмек ала, жергілікті кәсіпкерлер аз қамтылған отбасыларына демеу болып келеді. Осы бағыттағы шаралар ұдайы жалғасын табууда.

Ауылдағы жұмыссыздық деңгейі 1,7 пайызды құрайды. Мемлекет тарапынан 22 отбасы атаулы әлеуметтік көмек ала, жергілікті кәсіпкерлер аз қамтылған отбасыларына демеу болып келеді. Осы бағыттағы шаралар ұдайы жалғасын табууда.

Ауылдағы жұмыссыздық деңгейі 1,7 пайызды құрайды. Мемлекет тарапынан 22 отбасы атаулы әлеуметтік көмек ала, жергілікті кәсіпкерлер аз қамтылған отбасыларына демеу болып келеді. Осы бағыттағы шаралар ұдайы жалғасын табууда.

Ауылдағы жұмыссыздық деңгейі 1,7 пайызды құрайды. Мемлекет тарапынан 22 отбасы атаулы әлеуметтік көмек ала, жергілікті кәсіпкерлер аз қамтылған отбасыларына демеу болып келеді. Осы бағыттағы шаралар ұдайы жалғасын табууда.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

/// КӨРМЕ

«ДОМБЫРА-ДАСТАН»



С.Айтбаев атындағы көркемсурет галереясында Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейі «Домбыра-дастан» атты көшпелі көрме ұйымдастырды. Мақсаты – халқымыздың ұлттық мұрасын насихаттап, ұрпаққа үлгі ету.

Көрмеге 70-ке жуық жәдігер қойылды. Олардың қатарында музей қорындағы XIX ғасырдағы сүйек пен күмістен жасалған, қазақтың өр рухты ақыны, батыр Махамбет Өтемісұлы мен ұлы ақын Абай Құнанбайұлы қолданған домбыралардың көшірмесі бар. Сондай-ақ КСРО Халық артисі Нұрғиса Тілендиев пен Жүсіпбек Елебековтің, дәулеткер күйшілер Әзілділла Ескалиев, Рысбай Ғабдиев, Қаршыға Ахмедияров, Айгүл Үлкенбаева, Секен Тұрысбеков және Асылбек Енсебетовтің домбыралары тарихи экспонаттар қатарынан орын алды.

– Республика күніне орай ұйымдастырылған іс-шарада елге белгілі ақындардың, термеші-күйшілердің домбыралары таныстырылды.

Жас ұрпаққа бұл көрменің берері көп. Олардың ұлттық аспапты қадірлеуге, рухани құндылыққа терең бойлауына деген ынта-жігерін арттырады сөзсіз. Ал бүгінгі ұйымдастырылып отырған іс-шарада домбыраның үнінен бөлек, құрылымы туралы да мол ақпарат берілді. Осы көрмені ұйымдастырған Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейі ұжымына алғысымызды білдіреміз. Бұл – әріптестік байланысты нығайтып, бірге жұмыс жасауға мол мүмкіндік – деді облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры Сапар Көзейбаев.

Көшпелі көрмеге келген қонақтар қазақтың музыкалық дәстүрі мен ұлттық болмысына терең бойлады. Мектеп оқушылары мен студенттер

де музей экспонаттары туралы әсерлерін бөлісті.

– Бүгінгі іс-шараға келіп, қасиетті аспапты тамашалап, ол туралы бірнеше мағлұмат алғанымға қуаныштымын. Біз естіп-білмеген көптеген жәдігер бар екен. Музей қорында сақталған тарихи топтамалар жиынтығымен де таныстық. Сонымен қатар халық жадында сақталған күйлердің шығу тарихы, күйшілердің өмірбаяны мен шығармашылығы жайлы мәліметтерге қанық болдық. Алдағы уақытта тарихи-өлкетану музейіне тұрақты келуді өзге мақсат еттім, – деді Ұлту Қожақелді.

Іс-шара соңында музей қызметкерлері келушілерге тарихи жәдігерлер орналасқан экспозициялық залды таныстырды.

Айта кетейік, көшпелі көрме 29 қазанға дейін жұмыс жасайды.

Аружан ЕРАЛЫ,
«Сыр бойы»

АСҚАҚ РУХТЫҢ ҮНІ



Қызылорда қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты №16 кітапхананың ұйымдастыруымен қазақтың өр рухты ақыны Махамбет Өтемісұлының 220 жылдығына орай «Асқақ рухтың үні» атты әдеби круиз өтті.

Мақсаты – оқырмандарды М.Өтемісұлының өмірімен, шығармашылығымен таныстырып, туған жерін сүюге, батылдыққа тәрбиелеу. Ша-

рада сөз алған №9 мектеп-гимназиясының тарих пені мұғалімі Х.Сапар Исатай-Махамбет бастаған көтеріліс тарихы жайлы мәлімет берді.

– Махамбет – Исатай Тайманұлы бастаған көтерілістің көсемі әрі жалынды жыршысы, халқының азаттығын көксеген күрескер, ел бастаған батыр, қазақтың өр рухты ақыны. Ол от ауызды сөз шебері ретінде ғана ел арқасында данқа бөленді. Шығармаларында ұлт-азаттық қозғалыс рухы, ел тағдыры мен арман-мүддесі терең әрі шынайы суреттелген, – деді ол.

Кітапхана оқырмандары ақынның жырларын мәнгеріп оқып, Махамбеттің Жөңгір ханға арнаған өлеңінен көрініс көрсетті. Күрескер ақынның күйшілік өнерін дәріптеу мақсатында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенттері Б.Ыбырайхан, Н.Құндырбай «Қайран Нарын» күйі мен термелерін орындады.

Сонында «Өр рухты Махамбет» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

«СБ» ақпарат

Хабарландыру

Серіктестік қатысушыларының сенім хат негізіндегі өкілдері А.Мұратов пен Ә.Мусахановтардың заңсыз ұйымдастыруымен 05.11.2024 жылы сағат 09.00-ге «Достық жер МК» ЖШС қатысушылардың кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы 04.10.2024 жылы №76 санды «Заң» газетіне жариялаған хабарландырулары жарамсыз деп танылсын.

«Достық жер МК» ЖШС-ның атқарушы органы

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.
E-mail: smjarnama@mail.ru



КИЕЛІ ОРЫНДАР ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ӨЛШЕМІ

Сыр өңірінің тарихы – ұлттық тарихтың құрамдас бір бөлігі. Қызылорда облысындағы жүздеген тарихи-мәдени ескерткіштің арқайсының өзіндік сыры, жалпыадамзаттық құндылықтармен ортақ тұстары бар. «Сыр өңірінің киелі орындары мен ислам құндылықтарының әдеби-танымдық ерекшеліктері» жобасының басты идеясы – өңірлік киелі орындар мен ұлттық құндылықтардың тарихын тану, археология, әдебиеттану, дін ғылымдарының аясында кешенді зерттеу жүргізу.

Өнер туындыларында, аңыз әңгімелерде діни-ағартушылық сарын басым. Кесенелер, киелі жерлер, мазарлар, тағы басқалар – сөзіміздің дәлелі. Діни-ағартушылық ой-сананы сараласақ, киелі жерлер мен тұлғалар болмысы ашыла түседі.

Киелі жерлердің фотосуреттері мен орналасу белдеуіне қатысты жоба аясында айқындалған материалдарды саралап, өңірдегі маңызы бар киелі жерлер туралы ақпараттардың қолжетімділігін арттыру мақсатында QR код карта дайындалып, «Сыр өңіріндегі қасиетті орындар» деп аталатын әдеби-танымдық буклет жарыққа шықты. Буклетке енгізілген картадан киелі орындардың орналасқан жерін, бағдарын көруге болады.

Киелі орындардың мәдени-географиялық орналасу белдеуі, оған тарихи-саяси оқиғалардың ықпалы, қалыптасқан ұғым-пайымдарды анықтап, ғылыми негіздеу мақсатында Қызылорда, Түркістан облыстарында ғылыми экспедиция ұйымдастырылды.

Осы өңірлердегі киелі нысандардың ерекшеліктері мен құндылықтары сараланып, ел аузындағы аңыздар жиналып, киелі жерлердің қалайы қартасы жасалып, үш тілде QR код картасы қоса берілген фотоальбом жарыққа шықты. Онда Жетес би кесенесі, Жақайым баба тарихи орыны, Ораз ахун кесенесі, Сараман Қоса мұнарасы, Тобылбай батыр, Орынбет ишан, Әлібай ахун, Тұрмағамбет ақын, Тапал ахун, Алтайбек ахун, Мұнайпап би қорымы, Дәуіт әулие кесенелері, ортағасырлық Аққорған, Әзгент қалашықтары, Төлекқожа батыр кесенесі, тағы басқа түрлі жәдігерлер енгізілді. Фотоальбом Сыр өңіріндегі қасиетті жерлердің мәдени-географиялық белдеуін ұлттық рухани құндылықтар арқылы тануымызға маңызды. Өңірдегі рухани құндылықтарды түсініп, ең алдымен, тарихи мұраларды естіп, көріп, танып, санаға сіңіру керек. Сонда ғана жас ұрпақ оны аламына игі ықпал ететін адамзаттық құндылық ретінде бағалап, құрметтей алады.

Ғылыми жоба аясындағы зерттеу жұмыстары нәтижесінде «Сыр өңірінің киелі орындары мен ислам құндылықтарының әдеби-танымдық ерекшеліктері» атты монография жарық көрді. Монографияда киелі орындары табиғи, тарихи, мәдени сипатына

қарай бөліп қарастырады. Аңыз-әңгімелерде діни-ағартушылық мәдениеттің ықпалы, тарихи процесі маңызы талданған. Ақын-жыраулар шығармаларындағы киелі жерлер ұғымы мен ислам құндылықтары шығарма желісінде талданып, сюжеттер арқылы ақындық поэзияда жырлану ерекшеліктеріне, философиялық, дидактикалық, теологиялық құндылықтарына, шығарманың бейнелі өрнектеріне талдау жүргізілді. Оған бөлек, «Сыр сүйелері шығармаларындағы діни-ағартушылық идея» атты әдістемелік көмекші оқу құралы оқырманға жол тартты. Онда Сыр сүйелері шығармаларындағы діни-ағартушылық идеяны әдеби таным тұрғысынан меңгерту жолдары, әдістемесі берілді.

Кезінде билік құрған сақтардың ордасы – Шірік-Рабат, оғыздардың астанасы – Жанкент, Дешті Қыпшақ пен казак хан-

бағалап, басты назарда ұстадық.

Сыр өңірінің сөз өнері мұралары ұлттық және жалпыадамзаттық өркеніеттер сабақтастығына негізделген. Жергілікті ақын-жыраулардың шығармашылығында ислам тақырыбы ұлттық әдебиеттің тарихи-көркемдік негізінде дәстүрлі әрі тұтастай жалғасын табуы да зерттеу нысанына айналды.

Киелі нысандар туралы аңыздардың шығу тарихын анықтап, кейіпкерлердің қасиетін талдау барысында мынандай қорытындыға келдік:

Біріншіден, аңыздағы типтік деңгейге көтерілген киелі тұлғалар – Қорқыт, Қорасан ата, Оқшы ата, Қармақшы, Марал ишан, тағы басқалар жайында тың деректер айтылды;

Екіншіден, Сырда туған аңыздардағы киелі жер-су, мешіт, медресе, діни орындар жайлы негіздеулер жасалды;

Үшіншіден, аңыз қалыптастырып ұлттық құндылық пен киеліліктің сыры ашылды;

Төртіншіден, күй аңыздарындағы ұлттық мәдени қасиеті мен киелілігі айтылды. Халық тағдырын күймен байланыстырған күй аңыздар ізгілікке үндейді деген ұғым дәлелденді. Сыр аңыздарындағы киелі нысандардан ұлттық мәдениеттің даналығы, көріп-

“
Сыр өңірінің сөз өнері мұралары ұлттық және жалпыадамзаттық өркеніеттер сабақтастығына негізделген. Жергілікті ақын-жыраулардың шығармашылығында ислам тақырыбы ұлттық әдебиеттің тарихи-көркемдік негізінде дәстүрлі әрі тұтастай жалғасын табуы да зерттеу нысанына айналды.

дәстүрлі, дүниетанымы мен тағылымы айқындалып, тұжырым жасалды.

Сыр елінде ел қорғаған батырлар, қасиетті діни қайраткерлерге байланысты киелі жерлер болғаны анық. Олардың тарихи тұлғасын дастандарда жырлап, рухани дәстүрге айналдырған. Дастандарға арқау болған діни-ағартушылық ой-сана, халқымыздың жүрген жолы, тарихы, ұлттық мұраларымыздың тарихи-мәдени маңызы ашып көрсетілді.

Халқымыздың рухани құндылықтарының бір тармағы – көркем сөз өнері. Ұлт әдебиеті тарихында Мұхаммед пайғамбар оның сахабалары, діни амалдарын насихаттауға арналған дастандар тарихи-танымдық, тәрбиелік, эстетикалық маңыздылығымен ерекшеленді. Сыр өңірінде туған әдеби туындыларда ислам құндылықтары тұрақты жырланған. Қасиетті Құран кітабының сюжеттерін, пайғамбар хадистерін негізге ала отырып, ақын-жыраулар дастан жазды.

Бұл қисса-дастандар тарих пен халық арманын, ислам жолындағы қайраткерлерді жинақталған бейнеде танытып, діни сағаттылықтың нығаюына негіз болды. Ақын-жыраулар ислам тақырыбын өзек еткен шығармаларында өмір шындығын жан-жақты суреттеп, имандылықты насихат, уағыз, өсиет сарынында жырлап, оқырманды көркемдік әсермен баурап алды. Діни-исламдық ағартушылық таным – ұрпақтың өткені мен бүгінгі, болашағын сабақтастырудағы рухани дәнекер. Ислам құндылықтарын танытатын ақын-жыраулар шығармалары – адамгершілік-имандылық тәлім-тәрбиесінің эстетикалық құралы.

Киелі орындардың тарихы, оларға қатысты аңыз-әңгімелер жинақталып, жанрлық, тақырыптық жағынан жүйеленді. Сыр өңірі ақын-жыраулары шығармаларын зерттеу арқылы адамдық құндылықтарға үндейтін исламдық дүниетанымымен байланысты діни-ағартушылық ой-сана, дидактикалық сипаты, көркемдік-стильдік ерекшеліктері айқындалды. Өңірдегі қасиетті, киелі орындар анықталып, олардың дінтанушылық сипаты ұлттық ұстаным деңгейінде қарастырылды. Киелі орындардың мәдени-географиялық орналасу белдеуі, оған тарихи-саяси оқиғалардың ықпалы, қалыптасқан ұғым-пайымдар жөнінде тарихи, діни және филологиялық көзқарастар ғылыми тұрғыда негізделді. Жұмыс нәтижелері әдебиеттану, тарих, мәдениеттану, өлкетанудың осы мәселелерге қатысты теориялық, практикалық зерттеулерін толықтыра алады.

Ғылыми жоба аясында Сыр өңірінің ақындары шығармаларындағы діни-ағартушылық айқындауға 7М01724 – Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау білім беру бағдарламасының магистранттары тарапынан «Молдахмет Дәбылұлы – Сыр сүйелері дәстүрін жалғастырушы», «Сейітжан Бекінтайұлы шығармаларының поэтикасы», «Сыр өңірі аңыздарындағы батырлар бейнесі және аңызды оқыту», «Сыр өңіріндегі тарихи жерлер мен тұлғаларға арналған дастандар және оны оқыту жолдары», «Сыр өңіріндегі киелі орындарға байланысты аңыз әңгімелер және оны оқыту» тақырыптарында магистрлік диссертация жазылып, қорғалды.

Жұмыстың ғылыми қорытындыларын жана, тың деп есептеп, бұл еңбекті әдебиеттану, тарих, археология ғылымдарының аясын кеңейте түсетін іргелі еңбектер қатарына қосуға болады.

Гүлзира ОРАЛОВА,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
ҚАТ ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

www.instagram.com/syrboyi_kz

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу нөмірі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.